

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 маусымда № 9262 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы әкімінің 30.12.2020 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының ұсынысы негізінде Жалғысқан ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қарасу ауданы Жалғысқан ауылы аумағында орналасқан Маяк-2 шаруа қожалығының мал фермасы аумағында ірі қара мал бруцеллезі ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарасу аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қостанай облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қарасу аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Жалғысқан ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалғысқан ауылының әкімі

В. Лукович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК